
	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>  <b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже</b>	беті. 1 из 11


**БЕКІРЕМІН**  
 Университет ректоры,  
 п.ғ.д., профессор  
**Н.А.Сейтқұлов**  
 «27» 10 2023ж.




**САПА МЕНДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**  
**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ**

**ЕРЕЖЕ**  
**СМЖ ШУ ҚЕ 07-01-2023**

Қызметі	қолы	А.Ж.Т.
<b>Келісілді:</b>		
Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор		Керімбекова А.А.
Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы		Айдарова А.А.
Заң қызметінің басшысы		Асилханов Н.С.


Қызметі	қолы	А.Ж.Т.
<b>Әзірлеген:</b>		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі басшысы		Айтжанов Т.А.

Күжаттың жарамдылық мерзімі: « <u>27</u> » <u>10</u> 20 <u>23</u> ж. « <u>27</u> » <u>10</u> 20 <u>26</u> ж. Дейін ұзартылды: «__» _____ 20__ж.	Енгізілді: № _____ бұйрық Енгізілген күні: « <u>27</u> » <u>10</u> 20 <u>23</u> ж.	<b>СМЖ ШУ ҚЕ 07-01-2023</b> Басылым 1 Тіркеу № <u>23</u> Көшірме № <u>1</u>
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	беті.2из11
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже</b>		

## Мазмұны

- 1 Жалпы ережелер
  - 2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мақсаттары, міндеттері, принциптері, функциялары мен өкілеттіктері
  - 3 Жемқорлыққа қарсы қызмет өз қызметін жүзеге асыру кезінде міндеттері:
  - 4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің есептілігі
- А қосымша Келісу парағы  
Б қосымша Танысу парағы

	<b>Шымкент университеті</b>	
	Сапа менеджмент жүйесі	беті.3из11
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже</b>		

## 1 Жалпы ережелер

1.1 « Шымкент университеті» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң)16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

1.2 Осы қағида «« Шымкент университеті» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің –мақсаттарын, міндеттерін, ұстанымдарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

1.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, Бақылау кеңесінің шешімімен айқындалады.

1.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, өз өкілеттігін атқарушы органға, Университеттің лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, Бақылау кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

1.5 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелері бойынша әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

1.6 Егер заңда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда осы Ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Университеттің Бақылау кеңесі бекітеді.

2. Нормативтік сілтемелер

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.

4. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 174 бұйрығы

5.Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы.


6. Шымкент университетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

7. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

БҚ – Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша кеңес (Бақылау кеңесі);

	<b>Шымкент университеті</b>	
	Сапа менеджмент жүйесі	беті.4из11
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже</b>		

ҒК – Ғылыми кеңес;

ПБД – Персоналды басқару департаменті;

СДІСД – Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаменті;

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

ОКП – оқу-көмекші персонал;

ЗБ – Заң бөлімі.

## **2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мақсаттары, принциптері, функциялары мен өкілеттіктері**

2.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі жұмысының негізгі мақсаты – Университет және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі міндеті университет және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

2.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің міндеттері:

2.3 Университеттің және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2.4 Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

2.5 Университетте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

2.6 Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

2.7 Университет сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жұмысының функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

2.8 сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жұмысының функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2.9 басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жұмысының тиімділігіне мүдделілігі;


2.10 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;

2.11 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тәуелсіздігі;

2.12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

2.13 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті жетілдіру;

2.14 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру

	<b>Шымкент университеті</b>	
	Сапа менеджмент жүйесі	беті.5из11
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже</b>		

### 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің функциялары:

#### 3.1 Төменде көрсетілген құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз етеді:

- Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты;
- Университет қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты;
- Мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ісшаралар жоспарын әзірледі;
- этика және мінез-құлық мәселелерін реттейтін құжатты;

3.2-бап Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, жинақтауды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3.3 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес Университет қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14441 болып тіркелген);

3.4 Университетте анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторингті және оларды талдау және жою бойынша қабылданатын шараларды жүзеге асырады;


3.5 Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

3.6 Университет қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

3.7 Университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік этика мен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

3.8 Университетте ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

3.9 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

	<b>Шымкент университеті</b>	
	Сапа менеджмент жүйесі	беті.биз11
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже</b>		

3.10 мүдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

3.10 Университетте сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

3.11 Университеттегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;

3.12 Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

3.13 Университеттегі құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

3.14 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Университеттің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

3.15 Университеттегі құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

3.16 Университет ректорына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Қоғам қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

3.17 Университет қызметінің ерекшелігіне байланысты, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын тудырмаса, комплаенс, іскерлік этика, тұрақты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;


3.18 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

4. Университет қызметінің ерекшелігіне байланысты, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын тудырмаса, комплаенс, іскерлік этика, тұрақты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

кеңесінің шешімімен Жемқорлыққа қарсы қызмет басшысын тағайындау жүзеге асырылады және оның өкілеттік мерзімі, сыйақы мөлшері және еңбекақы төлеу шарттары айқындалады.

4.1 Жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы Жемқорлыққа қарсы қызмет жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.



	<b>Шымкент университеті</b>	
	Сапа менеджмент жүйесі	беті.7из11
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже</b>		

4.2 Университеттің ректорының шешімімен Жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының ұсынуы бойынша Жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау

4.3 Жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе комплаенс-қызмет туралы

қағида негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын құжаттармен айқындалады және оларды Университет ректоры бекітеді.

4.4 Жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы Университет кеңесіне Жемқорлыққа қарсы қызмет қызметтің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныс жасайды.

4.5 Жемқорлыққа қарсы қызметтің атынан Университет басқа құрылымдық бөлімшелеріне, ведомстволарға және ведомстволық бағынысты ұйымдарға Жемқорлыққа қарсы қызмет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жіберілетін құжаттар мен сұрау салуларға Комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

4.6 Жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту ішараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруы қажет.

4.7 Жемқорлыққа қарсы қызмет өз қызметі шеңберінде:

4.8 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;


4.9 өз құзыретіне жататын мәселелерді Университет кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасайды;

4.10 ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4.11. Университеттің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеулер шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

4.12. өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

4.13. Университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады.

	<b>Шымкент университеті</b>	
	Сапа менеджмент жүйесі	беті.8из11
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже</b>		

### **3. Жемқорлыққа қарсы қызмет өз қызметін жүзеге асыру кезінде міндеттері:**

3.1 сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша корпоративтік Әдеп кодексін және өзге де ішкі құжаттарды бұзушылықтар бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3.2 Бақылау кеңесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

3.3 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың белгілі болған жағдайлары туралы жеткізеді;

3.4 Университеттің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

3.5 қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

3.6 Жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлеріне:

3.7 олар алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

3.8 тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатысуға;

3.9 құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін пайдалануға;

3.10 іскерлік этика нормаларын бұзуға;

3.11.нәтижесінде Жемқорлыққа қарсы қызметтің тәуелсіздігіне, әділдігіне және бейтараптылығына нұқсан келтірілуі мүмкін не осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және қызметтерді пайдалануға;

3.12. мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.


3.1.1 Университет басшылығы:

3.1.2 Жемқорлыққа қарсы қызметінің жұмысын жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу;

3.1.3 Жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысын әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті деректер базасына қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз ету;

3.1.4 Жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне Жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысы, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен



	<b>Шымкент университеті</b>	
	Сапа менеджмент жүйесі	беті.9из11
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже</b>		

құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін ұсыну қажет.

3.1.5 Жемқорлыққа қарсы қызметтің квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

3.1.6 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері Жемқорлыққа қарсы қызметке келесі жолдармен жәрдем көрсетеді:

3.1.7 осы Қағиданың 5.3.1-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Жемқорлыққа қарсы қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынады;

3.1.8 анықталған қатерлер мен бұзушылықтарды әділ талқылауға;

3.1.9 туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешуге.

#### **4.Жемқорлыққа қарсы қызметтің есептілігі**

4.1 Жемқорлыққа қарсы қызмет Университетте қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Университетте қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

4.2 Жемқорлыққа қарсы қызмет Университет Бақылау кеңесіне есеп береді. Университет басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде комплаенс-қызмет Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

4.3 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу

4.4 Осы Қағиданы келісу СБӨ директоры, ПБД бастығы, оқытушылар мен қызметкерлердің кәсіподақ комитетінің төрағасы жүзеге асырылады және «Келісу парағында» (А Қосымша) ресімделеді.

4.5 Қағиданы бекіту күні осы Қағиданы қолданысқа енгізу күні болып саналады.



Шымкент университеті

Сапа менеджмент жүйесі

беті.10из11


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже

А қосымшасы

(міндетті)

Танысу парағы

Лауазымы	Т.А.Ж.	Күні	Қолы

	<b>Шымкент университеті</b>	
	Сапа менеджмент жүйесі	беті.11из11
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы ереже</b>		

**Б қосымшасы**

(міндетті)

**Өзгерістерді тіркеу парағы**

№	Өзгеріс туралы хабарлама №	Өзгерісті бекіту күні	Құжатқа өзгерісті енгізген		
			Өзгерісті енгізуді жүзеге асырушының аты-жөні	Қолы	Күні